

# КӘСІПТІ МЕҢГЕРЕТИН КЕЗ КЕЛДІ

Еңбек нарығының сарапшылары мен зерттеушілері 2015 жылдан 2019 жылға дейінгі уақыт аралығындағы Қазақстанның үлттых экономикасын қамтамасыз ету бағытын жаңаша нұсқада болжап отыр. Олардың болжамынша, алдағы 4 жылда жалпы құрылымды алғанда еңбек көрінінде қажеттіліктің 60%-дан астамы орта арнаулы білімі бар жұмысшылардың үлесіне тиеді.

Талдау көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өндіріс кешенінің жобаларын қамтамасыз ету үшін орта арнаулы білімі бар кадрларға сұраныстың 7,8 мыңнан 8,3 мың адамға, сондай-ак жоғары білімді кадрларға сұраныс төмен мөлшерде, яғни 4,1 мыңнан 4,2 мың адамға ғана артады деген тұжырым бар. Ал мұнай-химия саласында орта арнаулы білімі бар кадрларға сұраныс 2,2 мыңнан 3,1 мың адамға есуі және жоғары білімді кадрларға сұраныстың 2,2 мыңнан 1,6 мың адамға төмендегітіні болжанып отыр. Сондай-ак күтілген төрт жылда машина жасау саласында орта арнаулы білімі бар кадрларға сұраныс 1,2 мыңнан 1,7 мың адамға дейін көбейіп, есесіне жоғары білімді кадрларға сұраныстың 2,4 мыңнан 0,8 мың адамға дейін құлдырайтындығы айтылуда.

Бәсекелес орта, нарықтың қатан талаптары, тұрақты өзгеріп отыратын экономикалық сұраныстар қосымша мамандықтарға ие болуға, кәсіптік қызметтің жаңа түрлерін менгеруге итермелейді. Алайда жаңұясы мен жұмысындағы туындастын киындықтарға байланысты, ересек адамдардың барлық уақытта ұзак және бағасы жоғары кәсіптік қызметтің жаңа түрін игеруге мүмкіндігі бола бермейді. Ал екінші жоғары білім алу үшін 2 жылдан кем емес уақыт керек және оның акысы 350 мың теңгеден төмен болмайды, сондыктан бұл жаңуялық бюджетке киын-



дық тузызады. Демек, дәл казіргі кезде жұмссыздық деңгейі 5,2 пайызыды құрайтын қоғамда өмір сүргендіктен, мұның алдын ертерек алмасақ, ертең нағыз қындықпен бетпе-бет келеріміз анық. Сондықтан да мамандарды қайта даярлаумен жоспарлы және жүйелі түрде айналысады қолға алғанымыз жөн. Алайда бұл тұста да шешілмеген курделі түйіндер кездеседі.

Еліміздің «Білім туралы» занының 23-бабында мамандарды қайта даярлау және біліктілігін жоғарылату, кәсіптік құзіреттілікті дамытуға бағытталған, заман талаптарына сай, қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етілетіндігі көрсетілген. Алайда КР заннамасын талдау мамандарды қайта даярлайтын мекемелердің курделі құқықтық шектеулерінің бар екенін көрсетеді. Осы орайда төмендегідей қарама-қайшылық туындауды.

Мәселен, шаруашылық жүргізу құқығына ие мемлекеттік кәсіпорын құқықтық түрі болып табылатын білім беру үйымдары «Мемлекеттік мұлік туралы» занының 134-бабының 5-тармағына сәйкес тек қана жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі

білім беру бағдарламаларын жүзеге асыра алады. Аталған құқықтық норма шаруашылық жүргізу құқығындағы материалдық-техникалық базасы бар, сонымен бірге кәсіпорын қызметкерлерінің, қызығушылық танытқан барлық азаматтардың кәсіби дайындығын үйімдастыру және біліктілігін жоғарылатуға кадрлық әлеуеті сәйкес келетін Қазақстандағы жетекші ЖОО-ның мүмкіндіктерін шектеп тастайды. Сонымен қатар өз кадрларын қайта даярлау қажеттілігі бар мекемелер өз қызметкерлерін өртүрлі оку орталықтарында оқытуға мәжбүр, ал бұл мамандарды даярлау сапасын төмендедеті.

КР Үкіметінің №1310 «Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжат түрлері мен нысандарын бекіту және оларды беру Ережелері» туралы қаулысында кәсіптік оқытудың бағдарламаларын тіkelей өндірісте, оку-өндірістік комбинаттарында, оку орталықтарында және басқа да занды тұлғалардың оқу-өндірістік құрылымдарында менгерген тұлғаларға мәртебесі дипломнан әлдекайда төмен кәсіптік оқыту туралы КУӘЛІК беріледі деп бекітілген. Осылайша, КР заннамасы білім беру саласында ЖОО базасында кәсіптік қайта даярлауды реттей алмайды, соның кесірінен кәсіпорын қызметкерлеріне білім берудің бұл түріне қол жеткізуін төмендедеті.

Егер мамандар болжаған алдағы төрт жылдан кейінгі жұмыссыздар тасқынына күні бұрын тоқсаяуыл коюды ойласақ, төмендегідей шараны Парламент депутаттары мен Білім және ғылым министрлігі бірлесіп шешуі керек. Нактылап айтқанда, КР-дың 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мұлік туралы» занының 134-бабының 7-тармағына «қосымша білім» сезімен толықтырып, өзгеріс енгізгеніміз дұрыс. Сол сиякты Үкіметтің 2007

жылғы 28 желтоқсандағы №1310 қаулысына белгілі кәсіптік қызметке немесе нақты еңбек қызметтің орындаға құқық беретін лайықты біліктілігі бар кәсіби даярлық дипломының жаңа түрін шығару туралы құжаты да қайта қаралуы қажет. Қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлейтін және жүзеге асыруды реттейтін мемлекеттік стандартта заман талабына сай жетілдірілген дұрыс. Кәсіптік қайта даярлаудың скінші жоғары білім мен біліктілікті жоғарылатудың қазіргі бағдарламаларынан өзгешелігі қөтпеген артықшылықтарға ие екендігі даусыз. Икемді сабак кестесі, 6 айдан 9 айға дейінгі қыскартылған оку кез келген жастағы тұлғалар үшін колжетімді әрі, каржайлай шығындарды 30-50%-ға төмендедеті.

Кәсіби қайта даярлаудың сапасын жоғарылату мақсатында, селқостық пен қосарланышықтан арылу үшін мынадай шарттарды орындау қажет. Алғашқы талап, кәсіптік қайта даярлау жоғары немесе орта кәсіптік білім базасында әтілгені абыз. Мұнымен бірге онымен материалдық-техникалық базасы, профессор-оқытушылар құрамы талапқа сай, мемлекеттік аттестациядан, отандық және шетел агенттіктерінде тәуелсіз аккредитациядан өткен үлттых және жетекші аймактық-мемлекеттік университеттер жүзеге асырғаны жөн. Егер осы талаптарды орындаپ, жүргізе алсақ, мемлекеттік аталған салаға бөлгөн миллиардтарын тиімді жұмсап, отандық өндірісті заманауи үлгіде дамыта алатын мықты мамандар легін дайындашығамыз.

**Енлікhan ҚОЗЫБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университетінің деканы,  
профессор**